



Каспи Депозит

№ [D-0000000-000] шарт

Алматы қ.

[XX ай XXXX ж.]

«Каспи Банк» АҚ (бұдан әрі – «Банк») бір тараптан және [Иванов Иван Иванович] (бұдан әрі – «Салымшы») екінші тараптан, «Каспи Банк» АҚ-тағы банктік салымның жалпы талаптарының (бұдан әрі – Жалпы талаптар) аясында төмендегі талаптарда Депозит шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Депозиттің талаптары:

- 1.1. Салымшы Депозитті Банкке «Мерзімді салым» талаптарында береді, Банк оның сомасына Сыйақы төлейді.
- 1.2. Депозиттің сомасы мен валютасы: [XXXXX теңге] ([Сомасы мен валютасын сөзбен жазу]).
- 1.3. Депозит бойынша ЖТСМ [XX,X]% -ды құрайды, бұл ретте Депозит бойынша сыйақы мөлшері – жылдық [XX,X]% (бұдан әрі – Сыйақы).
- 1.4. Депозитті орналастыру мерзімі: [XX ай XXXX ж.] бастап [XX ай XXXX ж.] дейін.
- 1.5. Банк Салымшыға:
 - № [Депозит шотының нөмірі 20 таңба] (ЖСК) жинақ шотын (бұдан әрі – Шот);
 - № [Ағымдағы шоттың нөмірі 20 таңба] (ЖСК) ағымдағы шотты (бұдан әрі – Ағымдағы шот) ашады.
- 1.6. Банк ЖСК-мен Жеке кабинетке хабарламаны жолдаған және/немесе Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 3 күннің ішінде Салымшы Шарттың 1.2.-тармағында көрсетілген ақша сомасын немесе кемінде 1 000 теңге болатын өзге соманы салады. Депозиттің сомасы Салымшының нақты салған ақша сомасына тең.
- 1.7. Банк – депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы (31.10.2008 ж. № 011 куәлік). Банктің Депозитті қайтару міндеттемелері ҚР заңнамасына сай міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

2. Растамалар мен келісімдер:

- 2.1. Шартты жасасу және/немесе Өтінішті беру арқылы Салымшы:
 - 2.1.1 Жалпы талаптармен толық танысқанын, олардың оған анық және түсінікті екенін растайды. ҚР АҚ-тің 388 және 389-баптарына сай Жалпы талаптардың Тараптардың арасындағы қатынастарды реттейтінін түсінетінін және Жалпы талаптар мен Шартты сақтауға міндеттенетінін;
 - 2.1.2 Шартта аталған ақпарат шындыққа сәйкес келетінін және Банктің оны пайдалана алатынын;
 - 2.1.3 Берілген ақпарат өзгерген барлық жағдайлар туралы тез арада хабарлайтынын;
 - 2.1.4 Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатынын және кепілдік берілген өтемді төлеу талаптары туралы хабарлағанын;
 - 2.1.5 Шартта немесе Салымшының тікелей дебеттеуге келісімі қамтылған өзге құжаттарда көзделген жағдайларда Банктің Шарт бойынша шоттарды тікелей дебеттеуіне келісімін бергенін;
 - 2.1.6 Салық берешегінің және әлеуметтік төлемдер бойынша берешегінің жоқ екенін;
 - 2.1.7 Алдағы уақытта бөлімшелерге келмей Kaspi.kz-те және басқа сайттарда өнімдерді онлайн ресімдей алатынымен танысқанын растайды және Банкке:
 - Зейнетақы жарналары туралы ақпаратты уәкілетті ұйымнан, мемлекеттік органдардың деректер базасынан, басқа ұйымдардан және тұлғалардан тікелей және үшінші тұлғалар арқылы ақпарат алуға;
 - Банкпен шарт жасасқан кредиттік бюроларға ақпарат беруге және кредиттік бюродан алдағы уақытта түсетін деректерді қосқанда, кредиттік есепті беруге келісімін береді.

3. Қорытынды ережелер

3.1. Мыналар:

- ДСЖК (кодын) енгізу;
- POS-терминалда ДСН-кодты енгізу;
- Жеке кабинетте/Сайтта электрондық құжаттармен алмасу;
- Телефон нөмірі бойынша (SMS) хабарлармен алмасу;
- Тараптар айқындайтын өзге тәсілдер мен құжаттар арқылы жасалған мәмілелер, соның ішінде Шартқа (біржақты тәртіппен өзгертілмейтін) өзгерістер, Салымшының сауалнамалық деректерінің, телефон нөмірінің және өзге мәліметтерінің өзгерістері және олардың ерік-қалауының мазмұны мәмілелердің Тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда жасалуына теңестіріледі.

Жоғарыда аталған тәсілдермен өзгертілген Салымшы туралы мәліметтер Банктің қалауы бойынша Тараптардың арасында жасалған кез келген өзге шартқа қолданылады.

- 3.2. Электрондық қызметтер, Банк мұндай қызметтерді көрсеткен жағдайда, Салымшыға ЭБТҚ ережесінде көзделген тәртіппен және талаптарда көрсетіледі.
- 3.3. Шартта көрсетілген мерзімдерде Депозитті салмағанда немесе Депозитке 1000 Теңгеден аз сома салған жағдайда, Шарт Банктің талап етуімен бұзылуы мүмкін.
- 3.4. Шарт Жалпы талаптардың ажырамас бөлігі болып табылады. Шартта көзделмеген барлығында Тараптар Жалпы талаптарды басшылыққа алады. Шартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалардың Жалпы талаптарда айқындалған мағынасы бар.
- 3.5. Шарт Депозиттің сомасы Шотқа түскен күннен бастап, Ағымдағы шот бөлігінде Өтініш берілген сәттен бастап күшіне енеді. Шартты жасасу Шарт бойынша шоттарды ашуға өтініш беруге теңестіріледі.

4. Тараптардың деректемелері

Банк:

«Kaspi Bank» АҚ,
БСН 971240001315
Мекенжайы:
Қазақстан Республикасы, 050013,
Алматы қ.,
Наурызбай батыр к-сі, 154 «А»



Салымшық:

[клиенттің Т.А.Ә. Иванов Иван Иванович пішімінде],
Мекенжайы: [нақты тұратын мекенжайы]
№ [Құжаттың нөмірі] / [Құжаттың атауы] [құжаттың
сериясы нөмірі] [берілген күні XX.XX.XXXX
пішімінде]ж.
[құжатты берген орган] берген ,
ЖСН [клиенттің ЖСН 12 таңба]
Мобильді нөмірі: 8 (777) 000-00-00